



«Болшевиствск орта мектебі» КММ

«Сүйікті жазушының, сүйікті кітабы»


Орындаған: Куликова Ксения

Бердібек Соқпақпаев



*«Менің атым Қожа»
повесі*

Менің сүйікті жазушым



'Бердібек Соқпақбаев' қазақ балалар жазушысы. Бердібек Соқпақбаев 1924 жылы Алматы облысы Нарынқол ауданы Қостөбе ауылында дүниеге келді. Ата-анасынан ерте айрылған ол кісілердің қолында жүрген. Балалық шағындағы басынан өткен қиындықтар мен жоқшылық жайлы «Балалық шаққа саяхат» кітабында бейнеленген. . Балаларға арнап «Менің атым Қожа», «Аяжан», «Гауһар» т.б. повестер, «Кездесу», «Бозтөбе» поэмаларын жазған. «Қазақфильм» студиясында «Менің атым Қожа» кітабы бойынша фильм түсірілді. Абай атындағы Қазақ педагогтық институтының филология факультетін бітірген. Бірнеше жыл ауылда мұғалім болып еңбек етті.. Кейін Қазақстан жазушылар одағында балалар әдебиеті бойынша әдеби консультант қызметін атқарды. Оның сценаріі бойынша 1967 жылы қойылған «Менің атым Қожа» фильмі Францияның Канн қаласында жасөспірімдерге арналған халықаралық кинофестивалінің жүлдесіне ие болды.

«Менің атым Қожа»

Автор: Бердібек Соқпақпаев



*Ең алғаш рет 2012 жылы
осы прозамен таныстым.*

Басты кейіпкер: Қожа

Бұл кітапты үш рет оқыдым.



Бұл проза бойынша кинофильм түсірілді.



Жанр: комедия

Шыққан жылы : 1963

Режиссер: Абдолла Қарсақбаев әңгіме
авторы : Бердібек Соқпақбаев

Сценарий: Б. Соқпақбаев, Н.
Зелеранский

Сазгер : Нұрғиса Тілендиев

Кейіпкерлерді сомдаған Қожа - Н.
Сегізбаев Сұлтан - М. Көкенов Жанар -
Г. Қурабаева Жантас - Е. Құрмашев
Миллат

Қожаның шешесі- Б. Римова Рахманов
- Қ. Қожабеков Майқанова - Р.
Мухамедьярова

Қожаның әжесі - З. Құрманбаева

Прозаның қысқаша мазмұны

Бұл повесыте кішкентай Қожаның мектеп жасындағы бастан кешкен әр түрлі қызықты оқиғалары жайлы баяндалады. Ол қанша бұзықтық жасаса да жақсы адам болуға талпынысы бар. Өзінің жасаған бұзықтығының бәрі әкесіз өскендігінен деп ойлайды.





Қожа өзінің мінезін, тәртібін өзгертуге тырысады. Бұл әңгімеде Қожаның балалық махаббаты да үлкен роль ойнайды. Ол сыныбындағы үлгілі, тәртіпті әрі сабағын үздік оқитын Жанар деген қызды жақсы көреді.

Ол қызға махаббатының тасығаны сонша кей кездері Жанарға арнап өлең де шығарады. Жанарды әрқашан көргісі келіп тұрады. Қожа жазушы болуды армандайды.



Қожа бейнесі

Қожа - ашық
мінезді, арам
пиғылы жоқ,
ақкөніл бала.
Біздің Қожамыз
мейірімді, жанашыр



Қорытынды

«Менің атым... Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып қалғандай болады да тұрады.» деп басталатын Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесі бала көз қарасымен бейнеленетін шынайы өмірдің боямасыз суреттері арқылы оқырмандарының жүрегіне жол тапқан ерекше шығарма. Түн жарымына дейін шам жарығымен балғын бала махаббаты Жанарға «кеудесі толы сезімін сүйкектетіп», Абай атасына еліктеп, шабытын шақыра, ғашықтық ғазалдарын жазып, жыр арнамаушы ма еді?! Сол шақтағы ақылды тентек, озат оқушы, «жазушы боламын» деген арманышыл аңғал Қожаның образы езу тартқызып, қалай да сүйсіндірмей қоймайды, әрі сол бейнені бүгінгі балалар бойынан іздеп таба алмай еріксіз бас шайқайсың. Себебі, ол Қожа табиғатты сүйетін, шынайы поэзияны сүйетін.